



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№12 (5174)

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

20

наурыз (жұма)
марта (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная общественно-политический еженедельник

Құрметті

Іле ауданының тұрғындары!!!

Баршаңызды бүкіл Шығыс халқына ортақ мейрам, ғасырлар қойнауынан бастау алып, ата дәстүрімізге айналған, сан түрлі ұлттардың бауырластығына арқау болған – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңеліп, жер арқасы кеңіп,

отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. 18 наурыз күні Ұлттық киімдерге арналып, аудан орталығында шеру өтсе, аудан мектептерінде, барлық мекемелерде қазақы ұлттық киімді насихаттауға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

19 наурыз – Жаңару күні. Осы күні аулалар тазартылып, аймағымыздың жасыл

НАУРЫЗ – ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ІЗГІЛІК БАСТАУЫ



желекке кенелуі үшін ағаш отырғызылды. 20 наурыз «Ұлттық спорт күні» етіп белгіленді. Бұл күні барлық округтерде ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады. 21 наурыз жалпы халық арасында бір-біріне деген сый-құрметті арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау мақсатында

күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі!

Наурыз – жаңарған қазақ елінің кешегі мен бүгін, ертеңі мен болашағын жалғастыратын, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын, арман-тілектерімізді айтып, жаңаша жоспар құратын ерекше мерекесі.

Биыл Наурыз мейрамы ерекше форматта ұйымдастырылып, 14 наурыз күні «Көрісу күнін» атап өтумен басталды. Халық үшін бұл қастерлі әрі орны ерекше дәстүр болып табылады. 15 наурыз «Қайырымдылық күні» етіп белгіленді. Бұл күнді қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сіңіріп, жанашырлық пен өзара қол ұшын беру құндылықтарын қалыптастыру үшін ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арнадық. 16 наурызда төл мәдениетіміз бен ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттасақ, 17 наурыз «Шаңырақ күні» болып белгіленіп,

«Ынтымақ күні» деп аталды. 22 наурыз – Жыл басы. Бұл күні ауданымыздың әрбір ауылында мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңке ұйымдастырылады.

Наурыз – ел тарихының айнымас бір бөлшегі, мәдениетіміз бен дәстүріміздің килелі бастауы. Жасампаздықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы, бабаларымыздың ақ батасы мен өнегелі дәстүрдің көрінісі көктем мейрамы – өз-Наурыз баршаңызға ырыс, несібе әкелсін. Жанұяларыңызға жылылық сыйласын.

«Наурыз» сөзі «Жаңа күн» деген мағынаны білдіреді екен. Жаңа күн – жаңалыққа, жақсылыққа толы болсын, ағайын! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Әр үйге Қызыр дарып, Бақ қонсын! Ұлыс оң, ақ мол болсын!

Қайыржан ЖАҚСЫМБЕТОВ,
аудан әкімі

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының хабары 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда дауыс беру қорытындысы туралы

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конститу-

референдумға шығарылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 898 099; жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны – 146 558.

Дауыс беруге референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жартысынан

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ

Референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны	Дауыс беруге қатысқан азаматтар саны	Сауалдың оң шешім үшін дауыс бергендер	Сауалдың теріс шешім үшін дауыс бергендер	Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер	Жарамсыз деп танылған, бірақ санау кезінде есепке алынбайтын бюллетеньдер
Абай облысы	400 830	301 799	253 571 84,02%	40 484	3 621
Ақмола облысы	511 813	407 862	349 283 85,64%	48 822	4 649
Ақтөбе облысы	577 850	501 974	471 661 93,96%	13 659	9 437
Алматы облысы	1 030 876	735 496	591 412 80,41%	122 616	10 557
Атырау облысы	417 426	308 276	242 938 78,81%	54 652	5 825
Батыс Қазақстан облысы	446 999	307 456	250 311 81,41%	48 146	4 797
Жамбыл облысы	722 594	613 722	569 074 92,73%	29 041	8 100
Жетісу облысы	438 381	343 402	309 572 90,15%	24 047	5 253
Қарағанды облысы	758 931	638 421	535 127 83,82%	83 463	11 300
Қостанай облысы	537 586	435 848	391 148 89,74%	31 981	6 624
Қызылорда облысы	493 155	458 090	412 126 89,97%	36 364	4 946
Маңғыстау облысы	444 875	345 554	322 732 93,40%	9 303	7 844
Павлодар облысы	499 411	376 163	354 138 94,14%	11 588	5 565
Солтүстік Қазақстан облысы	365 390	257 172	213 722 83,10%	35 214	4 037
Түркістан облысы	1 189 002	897 273	819 617 92,21%	54 571	12 266
Ұлытау облысы	136 795	99 693	83 475 83,73%	12 992	1 614
Шығыс Қазақстан облысы	485 899	419 093	383 526 91,51%	23 020	6 621
Астана қаласы	1 012 840	615 310	531 149 86,32%	58 576	14 274
Алматы қаласы	1 314 844	437 850	312 437 71,36%	165 757	10 816
Шымкент қаласы	697 116	526 738	457 648 86,88%	53 803	8 058
Барлығы	12 482 613	9 127 192	7 954 667 87,15%	898 099	146 558

циялық Заңының 31, 33-баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының ұсынған хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы дауыс беру нәтижелері туралы хабарлайды: референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны – 12 482 613; дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 9 127 192 немесе 73,12 процент; референдумға шығарылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 7 954 667 немесе дауыс беруге қатысқандардың 87,15 проценті;

көбі немесе 73,12 пайызы қатысқандықтан, «Сіз жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ бойынша референдум өтті деп есептелсін. Республикалық референдумға дауыс беру үшін шығарылған жаңа Конституция қабылданды деп есептелсін, өйткені облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы немесе 87,15 пайызы оң шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күні жер шары алаңдарын қоспағанда, бүкіл жер бетінде күн мен түн теңеседі. XI ғасырдың өзінде ұлы ғалым әрі ақын Омар Хайям жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың толық циклды аяқтағаннан кейін, өзінің бастапқы жүру нүктесіне келіп, жаңа жолды – шеңберді қайта бастайтын байқады. Бұл бақылауының негізінде О. Хайям сол кезде билік еткен Джалал ад Дин Мәлік Шах ибн Әл-Арслан Селжүктің құрметіне «Мәлік күнтізбесі» деп аталатын жаңа күнтізбе құрастырды. Онда жаңа циклдың басталуы 22 наурызға – көктемгі күн мен түннің теңелетін күніне түседі. Бұл күнтізбе қазір пайдаланылып жүрген күнтізбеге қарағанда, әлдеқайда дәлірек болды. Өйткені, 365 күн бар күнтізбеге қарағанда, жылына 324 күнді құрайтын Мәлік астрономиялық күнтізбесіндегі қателік 0.0002 күн және одан кем.

Наурыз – көпшілігі ойлап жүргендей, діни мереке емес. Сонымен қатар, көптеген ислам елдерінде бұл мерекені атап өтуге тыйым салынған. Осы уақытқа дейін Орта Азияның негізгі байырғы халқы, яғни қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер және түркімендер этникалық мұсылмандар ретінде саналады. Бұл мереке кезінде ислам діні тарапынан қудалауға ұшырап, Кеңес Одағы кезінде атап өтілуге тыйым салынғанына қарамастан, қазақ халқының ең маңызды мерекелерінің бірі болып қалды.

Қазақтың төл мерекесін өзіне қайта сыйлаған – әйгілі қа-

зақ ақыны Мұхтар Шаханов. Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынған болатын. Тек 1988 жылы Мұхтар Шаханов коммунистік партияның Орталық Комитетінің бірінші хатшысына хат жазып, осы мерекені қайта жандандыруды сұраған еді. Хат мәтінінде: «Геннадий Васильевич желтоқсан оқиғалары екі ел арасында жік қалдырды. Қазақтар сізге жек көрінішпен қарайды. Егер сіз Наурыз мейрамын жандандыруға көмектесетін болсаңыз, онда барлық қазақтар сізге басқа көзқараспен қарайтын болады» делінген. Сонда Колбин Горбачевты көндіруге уәде берді. Сөйтіп, сол жылдан бастап Қазақстан Наурыз мейрамын қайта тойлай бастады.

Наурыздың тарихына көз салсақ, әлем халықтарының басым бөлігі аталмыш мейрамды әлі күнге дейін тойлап келеді. Бұл мейрам көбінесе Наурыз, Невруз, Науруз, Новруз Байрам деп атаса, ал тәжіктер «Гүл гардон», «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», татарлар «Нардуган», буряттар «Сагаан сара», ежелгі гректер «Патрих», бирмалықтар «Су мейрамы», чуваштар «Норис ояхе», хорезмдіктер «Наусарджи» деп түрліше атайды.

Наурыз мейрамында тазалыққа мән беріліп, мерекелік ас – «Наурыз көже» дайындалады. Көже – еліміздің әр өңірінде әр түрлі жеті түрлі дәмнен жасалатынын да байқауға болады. Наурыз мейрамында бір-біріне қонақ болып, тойлап, арқажарқа болып жатады.